КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 тамыз № 3514-25-00-2/3087 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Елеуов Т.Қ.,
сот отырысының хатшысы А.Садвокасованың қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Меруерт Байзаковна Нажмидинова ұсынған «ОЛЖЕКЕ» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі А.Еспенбетова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 28 сәуір айында Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай – талап қоюшы*) Меруерт Байзаковна Нажмидинова ұсынған «ОЛЖЕКЕ» жеке кәсіпкердің (*әрі қарай – жауапкер*) арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік №130 шарт (*әрі қарай – шарт*) жасалған.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес, Жауапкер тауарларды жеткізуді міндеттенді. Шарт бойынша жеткізу мерзімі – 2025 жылғы 29 маусым айына дейін. Шарттың жалпы сомасы 1 741 000 теңгені құрайды.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін атқармаған. Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрай отырып, талап қоюшы сотқа жүгінді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты толықтай қолдап, жауапкер 2025 жылғы 29 маусым айына дейін тауарларды жеткізуді міндеттелген. Бірақ, жауапкер шартта көрсетілген міндеттемелерін орындаған жоқ. 2025 жылғы 21 шілде айында шарт бұзылды, талапты толығымен қанағаттандыруды сұрайды.

Жауапкерден осы талап арыз қабылданып, сот дайындығы, одан соң сот отырысына шақырту туралы хабарлама жіберілгенімен, ешқандай арыз, не болмаса талап арызға наразылық түскен жоқ. Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 196 бабының 4 бөлігінің талаптарын негізге ала отырып, азаматтық істі жауапкердің келмеу себебін дәлелсіз деп тани отырып, істі мән жайын бойынша оның қатысуынсыз қарайды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 8 бөлігінің 4 тармағының 3), 4) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

2025 жылғы 28 сәуір айында тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт жасалған, тауарды жеткізу мерзімі – 2025 жылғы 29 маусым айына дейін.

Сот жауапкердің шартты орындамау фактісін анықтады, 2025 жылғы 21 шілде айында аталған шарт бұзылды.

Заңмен қарастырылған мерзім талап қоюшымен сақталған, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызымен талап қоюшы сотқа 2025 жылғы 28 шілде айында жүгінді.

Айтылғандардың негізінде сот мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арыз қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117 бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған 1 966 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж жауапкерден бюджет пайдасына өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Елеуов Т. К., 06.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш Т І:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арызы толық қанағаттандырылсын.

Меруерт Байзаковна Нажмидинова ұсынған «ОЛЖЕКЕ» жеке кәсіпкері (БИН/ИИН 770106450137) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Меруерт Байзаковна Нажмидинова ұсынған «ОЛЖЕКЕ» жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет есебіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Елеуов Т. К., 06.10.2025

3514-25-3-1/3769